

ӘОЖ 821.512.122:7.03(043.3); МҒТАР 17.82.09

<https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.07>**Б.Ә. ЫСҚАҚ** *филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор**«Торайғыров университеті» КЕАҚ**(Қазақстан, Павлодар қ.), e-mail: yskak.b@teachers.tou.kz*

## МӘДИНА ОМАРОВА ӘНГІМЕСІНДЕГІ ГОТИКА МӘСЕЛЕСІ

**Аңдатпа.** Берілген мақалада жазушы Мәдина Омарованың әңгімесіндегі готика мәселесі қарастырылады. Батыс әдебиетіне тән готика стилінің қазақ прозасына өзіндік қазақы нақышпен қолтаңбаланып, синтез тұрғысында көрінгенін бұған дейінгі талдамаларға сүйеніп, жалғаспалы зерттеу ретінде талдап, ұсынамыз. Тақырыпты ашу үшін қазіргі қазақ әдебиеттану әдіснамасының авторды зерттеуге бағытталған және мифо-сын герменевтика әдісін, ұлттық және халықаралық шеңбердегі әдеби процесті зерделеу әдіснамасын қолданамыз. Аталған мәселенің теориялық негізделуін қазақ, орыс, ағылшын әдебиеттанушы еңбектерінен оқып, пайдаландық. Қазақ жазушысының шығармашылығындағы готика стилі Әділ Жақұлаевтың «Қазіргі қазақ прозасындағы готикалық өрнектер» атты мақаласында талданған. Дәстүрлі қазақ әңгімелеріндегі мистикалық бағыт, психологизм тармақтары жаңаша пайыммен зерттеле бастады. Бұл тақырып грант негізінде зерттелген жоба жұмысында көрінді. Дегенмен де жазушы Мәдина Омарованың әңгімелері арқылы неоготика стилін, оның көркемдік қызметін тану зерттемесі қажет деп білеміз. Бұны әңгіме тартысынан анықтау мақаланың міндеті болады. Оның себебі, қазақ қоғамында готиканың жанрлық сипатын беретін басқа әлемдегі күш, жағымсыз елес, жұмбақ тағдырлар, тағы басқа негіздері мистикалық тұрғыдан ауыз әдебиетінен таныс. Бірақ жаңа заманның кейіпкеріндегі ішкі тартысты осы готика стилінде сомдау жазушының қабілеттілігін және қазақ әдебиетіндегі жаңа бағытты көрсетеді. Жазушы М. Омарованың әңгімелерінен готика жанрының көркем эволюциясы сарапталады. Поэтикалық табиғаты талданып, мекеншақтық тұрғысы пайымдалады. Готиканың пассивті және активті элементін қазақ әңгімесінің көркемдік қызметінде анықтау жұмысы жүргізіледі. Қазіргі қазақ әңгімесіндегі готика мен ғылыми фантастика элементтерінің тоғысу үдерісі бағамдалады.

**Кілт сөздер:** готика, мистикалық әдебиет, әдеби сын, қазіргі қазақ әңгімесі, тылсым, өрнек, жазушы Мәдина Омарова.

**В.А. Yskak***Candidate of Philological Sciences, Associate Professor**NJSC «Toraighyrov University»**(Kazakhstan, Pavlodar), e-mail: yskak.b@teachers.tou.kz*

## The Problem of Gothic in the Storytelling of Madina Omarova

**\*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Ысқақ Б.Ә. Мәдина Омарова әңгімесіндегі готика мәселесі // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №3 (129). – Б. 98–110. <https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.07>

**\*Cite us correctly:**

Ysqaq B.A. Madina Omarova angimesindegi gotika maselesi [The Problem of Gothic in the Storytelling of Madina Omarova] // *Iasauı universitetinin habarshysy*. – 2023. – №3 (129). – B. 98–110. <https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.07>

**Abstract.** This article examines the problem of the Gothic in contemporary storytelling of the writer Madina Omarova. Let's imagine that the Gothic style characteristic of Western literature, reflected in the Kazakh prose with an original Kazakh coloring and in the context of synthesis, are analyzed and presented as an ongoing study, building on previous research. To reveal the topic, we use the methodology of modern Kazakh literary studies aimed at studying the author and the methodology of studying mythological-critical hermeneutics, the literary process in the national and international framework. We studied and used the theoretical justification of this problem in the works of Kazakh, Russian, and English literary critics. The initiative of this question was analyzed in the Kazakh literary studies in the article «Gothic expressions in modern Kazakh prose» by Adil Zhakulaev. This was followed by some discussions and work on a project studied on the basis of a grant. Nevertheless, according to the stories of the writer Madina Omarova, we consider it necessary to study the Neo-Gothic style and its artistic activity. Mystical directions, branches of psychologism in traditional Kazakh stories began to be studied in a new way. Therefore, the identification of the Gothic style, its artistic manner through the stories of the writer Madina Omarova becomes the task of the article. This is due to the fact that in Kazakh society the foundations of otherworldly power, negative illusions, mysterious destinies that give the genre character of the gothic are mystically familiar from oral literature. But the embodiment in this gothic style of the struggle between the heroes of the new time reflects the ability of the writer and the new direction in Kazakh literature. From the stories of the writer M. Omarova analyzes the artistic evolution of the gothic genre. The poetic nature is analyzed, the aspiration for the location is expressed. The work on revealing the passive and active element of the gothic in the artistic aspect of the Kazakh narrative is carried out. The process of intertwining elements of gothic and science fiction in the modern Kazakh storytelling is considered.

**Keywords:** gothic, mysticism, literary criticism, contemporary Kazakh storytelling, mysterious fates, expression, writer Madina Omarova.

### **Б.А. Ыскак**

*кандидат филологических наук, ассоциированный профессор  
НАО «Торайгыров университет»  
(Казахстан, г. Павлодар), e-mail: yskak.b@teachers.tou.kz*

### **Проблема готики в рассказе Мадины Омаровой**

**Аннотация.** В данной статье рассматривается проблема готики в рассказах писательницы Мадины Омаровой. Представим, что характерный для западной литературы готический стиль, отражен в казахской прозе с оригинальным казахским колоритом и в контексте синтеза, проанализированы и представлены как продолжающееся исследование, опирающееся на предыдущие исследования. Для раскрытия темы используем методологию современного казахского литературоведения, направленную на изучение автора и методологию изучения мифо-критической герменевтики, литературного процесса в национальном и международном рамках. Теоретическое обоснование данной проблемы мы изучали и использовали из трудов казахского, русского, английского литературоведов. Готический стиль в творчестве казахского писателя проанализирован в казахском литературоведении в статье Адила Жакулаева «Готические выражение в современной казахской прозе». По-новому стали изучаться мистические направления, ветви психологизма в традиционных казахских рассказах. Эта тема отражена в работе проекта, исследованного на основе гранта. Тем не менее, по рассказам писательницы Мадины Омаровой мы считаем необходимым изучение неоготического стиля, его художественной деятельности. Поэтому выявление готического стиля, его художественной манеры через рассказы писателя Мадины Омаровой становится задачей статьи. Это связано с тем, что в казахском обществе устои потусторонней силы, негативных иллюзий, загадочных

судеб, дающих жанровый характер готики, мистически знакомы из устной литературы. Но воплощение в этом готическом стиле борьбы между героями нового времени отражает способности писателя и новое направление в казахской литературе. Из рассказов писателя М. Омаровой анализируется художественная эволюция готического жанра. Анализируется поэтическая природа, высказывается стремление к местопребыванию. Проводится работа по выявлению пассивного и активного элемента готики в художественном аспекте казахского повествования. Рассматривается процесс переплетения элементов готики и научной фантастики в современном казахском рассказе.

**Ключевые слова:** готика, мистика, литературная критика, современный казахский рассказ, загадочные судьбы, выражение, писатель Мадина Омарова.

### Кіріспе

Мәдина Омарованың «Ана ғұмыр» [1], «Қадір түні» [2] кітабы бойынша зерттеушілер, сыншылар жеткізе талдаған пікірді толықтырып, авторды зерттеуге бағытталған зерттеу сұрақтарын көркем мәтін контексінде қарастырамыз. Мәдина Омарованың жазушылық шығармашылығы арқылы қазақ әңгіме жанрына сіңген готикалық стильді тануға дәлелдеме ұсынамыз. Әділ Жакулаевтың «Қазіргі қазақ прозасындағы готикалық өрнектер» атты мақаласында берілген готика сипатын біз талдап, қарастыратын жазушының зияткерлік қалпынан пайымдау, талдау, түйіндеу жинақтамасы жасалады.

Зерттеуші Әділ Жакулаев қазіргі қазақ прозасында готикалық элементтер М. Омарова, Қ. Мұбарак, А. Мырзахмет шығармаларында кездесетінін талдап көрсеткен [3]. Зерттеушінің аталған мақаласы қазақ әдебиетіндегі готика стилінде жазатын жазушы шығармашылығы туралы басқа да әдеби талдауларға жол ашқан. Бізді қызықтырғаны, готика стилін қазақ әңгіме жанрында алғаш рет Мәдина Омарова қолданғаны және қазақ әдебиеттануында готика стилі қай жазушыда танылғаны жайында жазылған алғашқы зерттеу жұмысының мәні болды. Сондықтан осы мақалаға арнайы тоқталып өтеміз.

Ұйтқы болған талдамада, әсіресе готика жанрының бастауы және өнертанушылар мен әдебиеттанушылардың зерттемелері арқылы оның тарихына, ерекшелігіне, төрт ғасырдан аса әр елдің әдебиетінде түрліше орнығуы мәселелері қамтылған. Автордың мақаласында, жалпы әдебиетке жанр ретінде келуінен бұрын өзара сабақтастықпен сәулет, мүсін өнерінен бастау алғанына шолу жасаған. Готика өнер деп танылуы үшін бес ғасырдай уақыт кеткеніне нақты мысалдар келтірген. Готикалық өнердің ерекшелігіне тоқталған: техникалық жетістіктердің қолданылуы мен адамның бас бостандығына ұмтылуын ұштастыра келістіретінін сөз еткен. Готикалық стиль бойынша даму тарихы баяндалады. Әділ Жакулаевтың мақаласында готиканың әдебиетте термин ретінде де қалай пайда болғаны және оның қандай еңбектерде көрініс беруі толық қамтылған. Ізденушіге готикалық стиль, ағым, оның табиғаты жайында дұрыс тануы үшін ой салатын деректер жинақтаған, Монтегио Саммерстің монографиялық еңбегінен қажетті ақпарат бөліскен.

Бұндай ақпараттың маңыздылығы бар. Яғни, іргелі зерттеулер осындай түсіндірмелер түрткі болып өз зерттеушісін табады.

Готика жанрының әдебиеттегі негізгі белгілерін анықтап, жүйеленіп, мысалмен келтірген түйінін ұсынғанын да атап айтуымыз керек. Себебі бұған дейін «басқа әлемдегі күш және жағымсыз мақсаттағы сапар, елестің пайда болуы, ақылға қонбайтын жұмбақ ауру, ақыреттің көрінуі, тірі өлік, қабірден қайта оралу, дұғаның қабыл болуы, жанның мазасыздығы, жұмбақ тағдырлар сияқты тылсым оқиғалардың түрлері» қазақ әдебиетінде көрініс тапқан готикалық сюжеттік шешім мен тартыс шығармашылық қолтаңбалары бар жазушыларымыздың лабораториясын зерттеушілер көбіне психологизм тұрғысынан талдап келді. Автор зерттеу тәсілін дұрыс таңдаса, готикалық өрнектің де қазақ әдебиетінде

табылып қалуына мән береді. Егер мақаланың маңыздылығы неде десеңіз, осы зерттеушілік танымға, яғни қазақ әңгіме жанрындағы готикалық стиль жайында біліп, зерделеуге жетелейтін білім, дереккөзі болады.

Мақаламен танысқан зерттеуші, автордың нұсқама көмегімен Уолтер Фрайдың «Готикалық әдебиеттің Вальтер Скотт шығармашылығына әсері» кітабын оқып шығады, кешегі білімінен бір мысқал болса да ілгерілейді.

Жоғарыда атап өткеніміздей, аталған мақала іргелі зерттеулерге ұласты. Нақтырақ айтсақ, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкерлері «Қазақ прозасындағы мистика» гранттық жобасында осы мәселені зерттеп жүрген еңбектерді атап өткен: Әділ Жақулаевтың «Қазіргі қазақ прозасындағы готикалық өрнектер» [3], Гүлзия Пірәлінің «Қазіргі прозадағы Мәдинаның қолтаңбасы» [4, 135-б.], Жолдасбек Мәмбетов пен Гүлжанат Әбиханованың бірлескен авторлығымен шыққан «Мистиканың үзілмей жеткен арқауы» [5], Сандуғаш Сағидуллиеваның «Жас қаламгер, жаңалыққа талпыныс, жаңашылдық іздер» [6], Сағындық Ордабековтің «Жұмбаққа толы тылсым дүние» [7, 4-б.]. Жоба зерттеушілері Г. Сәулембек, А. Таңжарықова, А. Асқарова, А. Ахметова, Г. Ахметова: «Бұның әдеби жанрға, оның толысуына ықпал ететін факторлардың бірі ретінде танылуы заңдылық», - деп түйін берген.

Жоба жұмысын орындау барысында ғалым Г. Сәулембек жазушы Мәдина Омарованың «Патша қызының өлімі», «Жартас басында», «Суретші», «Кім өлді екен?», «Жұмбақ», «Ғажайып көл» әңгімелерін аталған тақырыпқа қатысты топтаған.

Жобаның зерттеушісі, әдебиеттанушы Г. Ахметова Мәдина Омарованың «Күзгі бір кеште» әңгімесінде «табиғат пен адам арасындағы құпияға толы магиялық күштердің, мистикалық элементтердің авторлық таным арқылы берілу жолдарын» ғылыми негіздемемен дәлелдеген. Біз де шолу түрінде жазушы Мәдина Омарованың готика стилінде жазған шығармашылығына қатысты болғандықтан қарап шықтық.

### **Зерттеу әдістері**

Мақала жазу барысында авторды зерттеуге бағытталған әдіс, мифо-сын герменевтика, зерттеу сұрақтары, ұлттық және халықаралық шеңбердегі әдеби процесті зерделеу әдіснамасы, салыстырмалы-тарихи әдіс секілді әдістер қолданылды.

### **Талдау мен нәтижелер**

Қазіргі кезде ақпараттың көптігінен оқырманның біраз бөлігі клиптік ойлауға бейімделгенін байқаймыз. Биология және филология ғылымдарының докторы Татьяна Черниговская «В мире рухнуло сразу всё» жазбасында нейролингвист ретінде: «цифрлық технологияның өмірімізге енуі адамды тұрақты білетін білігінен ажыратты, қайта бейімделу қажеттіліне мәжбүр етті, сөйтіп жаңа адам түрі пайда болды. Оны «хомо конфузус», яғни дағдарған адам деп атап жүрмін» деген болатын. Бұның әдебиетке де қатысты екенін ғалым Айгүл Ісімақова зерделеп, кең көлемді шығармалардың орнын оқығаннан бастап бірден қызығушылық тудыратын қысқа шығармалар ауыстырғанын жазып жүр. Сондықтан жазушы ізденісі оқырманының жаңа түріне түсінікті болуға тәуелді болады, әрі өзі де сол жағдаятта, сол ортада өзгерісті сезініп жүр. Бұның бәрі шығармашылыққа ықпал етеді. Бұны да ескеруіміз керек.

Әңгіме жанры қысқа жазылатын, деталь «сөйлейтін» жанр екені белгілі. Жаңа заман кейіпкерлерінің бейнеленуі мен мистикалық мағына үстеуші готикамен өзара байланысты әдеби тәсілді, авторды зерттеуге бағытталған әдіс, мифо-сын герменевтиканы таңдадық. Осындай талап үдесіне сәйкес қысқа да қызықты етіп жазылған, оқырман талғамынан шыға алатын жазушы Мәдина Омарованың мистикалық әңгімесін және жазушының қазақ әңгімесіне әкелген соны жаңалығын жүйелеп, салыстырып қарастырамыз. Сонымен қатар бір шығарма төңірегінде ой қозғаған зерттеушілердің пікірлері жинақталады. Алдымен соған тоқталайық.

Жазушы, сыншы, мәдениеттанушы Таласбек Әсемқұлов «қазақ әдебиетіндегі готикалық прозаның басы» деп айқындап, оған дәлел ретінде Мәдина Омарованың «Жұмбақ», «Жол үстінде» әңгімелерін талдап, ұсынған [8].

«Жұмбақ» әңгімесіндегі сюжет екі кейіпкердің телефон арқылы сұхбатынан құрылған. Қоңырау шалған апатқа ұшыраған үш жолаушының бірі, соңынан анықталғандай демі үзілсе де досына қоңырау шалып апат болған жерді нұсқағаны белгілі болады. Сыншы Т. Әсемқұлов готикалық стильде жазылған «Жұмбақ» әңгімесін оқырманы ерекше әсермен таңғала оқитынын және осы әңгіменің түйінін Э. Хэмингуейдің «Вино Вайоминга» әңгімесінің тұжырымына ұқсатқанын жазған.

Сыншы Т. Әсемқұлов келесі кезекте жазушы Мәдина Омарованың «Жол үстінде» әңгімесіне талдау жасап, мынадай пікір білдірген: «Мадинаның жазу мәнерінде мынандай белгілер бар: ол өмір шындығына матасу. Әрине, аталмыш әңгімелердегі жайттар жазушының өз басынан өтті деуден аулақпын. Бәрі де ойдан шығарылған, көркемдік заңдылықтарға сәйкес, өмірде болғандай етіп қиыстырылған. Алайда, әңгімедегі сөйлемдердің арасы ауыр қиысады. Осыған қарап отырып, жазушының өзі ойлап шығарған сюжеттің әсерінен, магиясынан арыла алмайтынын сезесіз. Мадинаның осы әңгімелерін оқығанда Жак Казот, Шарль Нодье, Петрус Борель сияқты готикалық жанрда жазған жазушылардың шығармалары елестейді. Бүгінде көршілес Ресейде бұл жанрда Лариса Петрушевская қалам тартып жүргені белгілі».

Сыншының жоғарыда аталған пікірі Қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанрының Жүсіпбек Аймауытовтың «Елес» әңгімесінен бастау алған мистикалық жаңа белесін аз сөзбен кең ұғымда баяндап, талдап бергенін байқаймыз.

Аталған әңгіменің біріншісін «тұңғыық әлемдегі тылсым оқиға» деп баяндаса, екіншісін әдебиет зерттеуші ғалым Әділ Жакулаев өз талдауында былай жүйелеген: «Шағын ғана әңгімеде готика жанрының бірнеше элементтері кездесетінін байқаймыз. Оқиғаның қараңғы түнде орын алуы; жолсеріктің жұмбақ адам екендігі; ең қызығы кейіпкерімізбен бірге келген жігіттің бұрын қайтыс болып кеткендігі, яғни елеспен сапарлас болуы; осы құпияның шығарма соңында берілуі де бұл жанрдың ең басты ерекшеліктерінің бірі дер едім» [3]. Осы талдаулардан басқа біз мәтін арқылы нені пайымдадық, не таныдық? Осыған тоқталамыз.

Мәдина Омарова «Күзгі бір кеште» әңгімесінің құрылымына кейіпкердің ішкі ойы арқылы өрілген оқиғалы баяндау мен соған сәйкес табиғат күйін таңдағанын байқадық. Кейіпкердің ойша есеп беріп «ойын сыртқа айтуы» арқылы біртіндеп сюжет алмасатыны байқалды.

«Жол үстінде» әңгімесіндегі кейіпкерлеріміздей елесті шындық деп қабылдағандықтан, соған сенгендіктен «кішкентай Жаннаның елесімен» кездесу оқиғасы баяндалады. «Жол үстінде» әңгімесінен ерекшелігі, кішкентай елес қызды кемінде үш кейіпкер, күн жарықта көріп, бар екенін мойындап, тіпті әңгіме арқауы етеді. Әңгіме соңында ғана елеусіз түрде Жаннаның елес екеніне назар салдырады. Сондықтан әңгімені әр оқырманы өзінше өрбітіп, «сүю, махаббат елесі» тұрғысында болжам жасайды. Жаңа тынысты әңгіме, готика стилінде жазылған Қазақ әдебиетінің толғамды туындысы деп бағалауымызға болады.

Әңгімедегі кейіпкердің нақты есімі, жынысы жазылмаған, оны «күйеуін қызғанатын» Нәзира туралы ішкі ойының баяндау деталі арқылы әйел кейіпкер екенін түсінесіз. Не үшін маңызды? Есімі аталатын екі көрші келіншек (Нәзира, Мәрияш) және екі бес-алты жастағы екі кейіпкер (Жанна, Асқат) мен баяндаушы кейіпкердің бірлігін жымдастыратын және түсінікті ететін деталь. Кейіпкеріміз көрші әйел болғандықтан нәсерлетіп тұрған күн райының себебінен жалғыз қалған кішкентай Жаннаның сұрануымен өз үйіне әкелгеннен кейінгі ой әрекетіне күдіксіз қарайсыз.

«Мысықтың жүрек айнытар нәжисі қолқа қабатын подъез» ауласындағы көрші әйелдер сөз еткен «ұзынқұлақтан» бойына енген үрейі бар есімсіз кейіпкеріміз қорқынышы баяндалады, тіпті жазушы бұны: «...Өзім әлденеден жанұшыра үрейленіп барамын.

Оны бір-екі рет сыртынан көргенім болмаса, тілдескен емеспіз. Бес жасар баламен не жайында сөйлесесің? Бес жасар балаға қалайша мән бересің? Мәрияштың жаңағы әңгімесі болмаса...» [1, 57-б.],- деп оқырманын қызықтырып та, ойландырып та қояды, соңына дейін оқып шығуға ынтықтырып, сол жұмбақты шешуге бағыттайды. Сонымен қатар жазушы бұнымен жұмсақ түрдегі (пассив) готика стилін жазушылық шеберлігінде кестелеген.

Жазушы кейіпкерінің «...Денесінің жанында бұрымы шымыр, мығым көрінеді» деп сипатталған бес жастағы Жаннамен диалог, Жаннаға іштей қойғысы келген сұрақ «Шарап ішесің бе дегім келіп, өз-өзімді әрең тежедім» [1, 57-б.] деп ойланған деталі оқырманын таңғалдырады. Үнсіз оқымайтыны анық. Жазушының кейіпкері секілді «Күзгі бір кеште» әңгімесінің оқырманы да дауыстап, іштей сөйлеп отырып шығарманы сіңіретіні даусыз.

Автор кейіпкерін өз-өзімен сөйлетіп: «...Үлкен қалада, миллионнан астам халық тұратын қалада жалғыз болған қандай үрейлі, адамға адам пана бола алмайтын болып тұр ғой сонда»,- деп түйінін жазған. Жинақтаушы ой: «көзіңмен көріп, санаңа жеткен нәрселерден төбе шашың тік тұрады» [1, 58-б.] деген сөйлемге бағынған.

Жазушы М. Омарова «Қазақ әдебиеті» газетінің «Неге мистикалық әңгімелер жазасың?» деген сауалнамасына өз туындыларына, шығармашылығына, әдеби тәсіліне қатысты мынадай пікір айтқан: «Мені эзотерикалық әдебиет, қалыптасқан түсініктен тыс, тылсым дүние жайлы ілім қызықтырады. Осы қызығушылығымның жемісі ретінде кейде осы бағытта қалам тартамын. Содан соң готика жанры жайлы сөз айтқанда, тасада тұрып, айқаймен секіріп шығып, бірін-бірі қорқытатын балалар ойыны көз алдыма елестейді. Бұл да ләззаттың бір түрі. Бұл жерде көркемдік жағынан өнер деңгейіне жеткен болса, шығармаға кез-келген тақырып өзек бола алатынын дәлелдеп жатуды артық санаймын» [9], жазушының бұл жауабын пайымдап Ә. Байбол өз талдауында жазушыны оқырманына таныту, яғни оқырманның түсінік аясының кеңею ұстанымы, рецептивті эстетика тұрғысында келтірген.

«Жұмбақ» әңгімесі готикалық бағытта жазылғаны зерттеулерде аталып өткенін кіріспеде баяндадық. Біздің талдауымызда мәтін негізінде толықтырушы сипат көзделген. Қараңыз:

Қысқа жазылған әңгімені «...Барлығының өлген уақыты – бүгін таңертең!!!» деген соңғы сөйлемінен кейін басынан қайта оқуға мәжбүр қылатыны, яғни «жұмбақтығы да осы». Қайта оқып, үшінші жақтан берілген оның «әруақ» кейіпкер екенін түсінгенінде жазушының шеберлігін, готика стилін сөз қолданысынан іздей бастайсыз: амандасқан кейіпкердің «даусы әдеттегіден жай», «Тіпті ауырып қалған адамның дауысы тәрізді сәл өзгеріңкіреп шықты. Әлде дұрыс сөйлеуге бар күшін жұмсайтын мас адамдардікі сияқты ма екен? Әйтеуір біртүрлі» [1, 46-б.] деп сипатталған. Түнде хабарласқандықтан солай болу керек те сияқты нанымды болады алдымен, үш достың екеуінің есімін атайды, есімі аталмағаны тірі жанша сөйлеседі.

Монтегю Саммерстің «Готикалық ізденіс» монографиясында готиканың белгілеген сипатын жазушының екі әңгімесінен тануға ұмтылдык: «ауадан бөлек иіс сезіледі», «қараңғылық исі», «жердің астынан шыққандай күңгірт дауыс», көпір, ыңқыл («даусы әдеттегіден жай»), жарақат (апат, өлім). Ең бастысы оқырман қысқа әңгімеден тәмсіл алады. Шектеусіз ой барын ұғынады. Жазушының замандас кейіпкер арқылы тылсым дүниеге жетелегені, әдебиеттің жаңа формасына көз үйрететінімен маңызды. Э. Хэмингуейдің «Вино Вайоминга» әңгімесін оқыған оқырман жеңіл меланхолия сезінетіндіктен, сыншы Таласбек Әсемқұловтың екі әңгімені неліктен ұқсатқанын түсіне бастайсыз. Әрбір оқырманы әңгіме кейіпкерін «жазушы секілді» танып, өмірдің ақиқатына бір мезгіл ойлана қарап, ой жетегінде жеңіл мұң басады.

Мәдина Омарованың «Патша қызының өлімі» әңгімесі балаларға арналған ертегі қалпында жеңіл оқылады. Готикалық сарыны «білезіктің шешесінен қалған жалғыз көз екенін және оның сиқырлы екенін, егер басқа жанның иелігіне өтсе, оған бақытсыздық әкелетіні» деп баяндалудан басталып, оның «олар Ару қыздарының қандай дерттен құрбан болғанын ақыры түсіне алмады...» деп аяқталатын тұсынан байқалады. Дүниеге аянмен келген перзент, «дерттің» ерекше сипаты, Алладан берілген перзентке зар болу сынағы, сынақтан соң сынақ деп бөлсе готикалық қабаттары айқындала бастайды. Себебі, Монтегю Саммерстің белгілеген готика белгілерін мынадай қырынан байыптауға болады: «қамал, патша сарайы», «басты кейіпкер ақсүйек қыз, патша қызы», «семсермен соққы, Ұлы ұстаздың басының шабылуы».

Бүгінгі заманды, замандас кейіпкерді баяндау тәсілімен қарапайым тілді жеткізе алған. Сыншы Рафат Әбдіғұлов М. Омарованың бұл қолтаңбасынан «Бейімбет Майлиннің заманауи дәстүрін» көрсе, сыншы Марат Әзімхан «Алмабек қарттың өлімі әңгіменің негізгі назар аудартар тұсы емес, бастысы рухани мүгедектік» деп шешім қабылдаған, сыншы Сәруар Қасым «кейіпкердің шынайы табиғатын танытқан жаңаша автор тұлғасы» деп баға берген, сыншы Әлібек Байбол «М. Омарова – мазмұн мен формаға тұтастық ретінде қарайтын қаламгер» деп қорытынды пайым берген.

Мәдина Омарованың жазу мәнеріне сын-пікірді сыншы, мәдениеттанушы Әлия Бөпежанованың: «...Кейіпкерлерінің әлеуметтік кодтары беймәлім, оларда уақыттық белгілер де мүлдем жоқ деуге болады, автор үшін ол маңызды емес. Ол үшін ең маңыздысы – мына өмірдегі дисгармония. Шығармаларындағы ең басты лейтмотив – кейіпкерлерінің адамдар арасындағы жалғыздығы, өмірлеріндегі жайсыздық, бір-бірінен жан жылуын таппауы – қысқасы дегумандалған қоғамның кескін-келбеті» [1, 3-б.] деген пайымды талдауынан оқи аласыз. Готика стилінде дүниеге келген шығармалары осы пікірді дәлелдеді.

Готикалық әңгіме тылсымнан келген кейіпкері бар, өрбіген оқиға құпияға толы, ой жүгіртіп қарасаң қорқыныш ұялататын сезім тудыруға қабілетті туынды түрінде танылды. Ертеден бар жанрдың қазіргі қазақ әңгімесіндегі өз ерекшелігі осы заманның тынысы, замандастар бейнесі арқылы қазақ қоғамының руханиятына қызмет еткен. Әдебиет бөлінбейді десек те, готика стилінде дүниеге келген қазақ әңгімесінің дәл қазіргі сәтте өмірдегі адамның жан жарасын тап басып, айналасынан шынайы бақылағанды өз кейіпкерінің таразысына салып, жабырқағандарға демеуші болатыны қуантады.

«Жартас басында» әңгімесіндегі қатал тағдырдың тәлкегін өз күшімен, мейірімімен, сезімнің нәзік иірімімен жұмсартуға ұмтылған қос елесті мұратына жетсе екен деп қоса тілеуін тілейтіндей етіп бейнелеген жазушыға тәнті боласыз. Кезінде теңізге шыққан балықшы және әйелі болған елестер «уақыт пен ылғал жеп жапырайған жалғыз лашық бар. Есік-терезесіз, шатыры ортасына түскен төрт қабырғаға» ымыртта күнде келеді. Бұлардың бақытты шаңырағы болған, әлдиін тербеткен ыстық жері, бірақ енді тек ұлын кездестіріп қаламыз ба деген үміт жетелеп жартасты жағалатады. Теңізден қайтпаған балықшы ұлын, әке-шешесін іздегенде осы жартасқа келеді деп жүр қос елес: «Бұл жақта да күн күтумен өтеді екен...» [2, 155-б.] деп баяндайды жазушы.

Елестер әлеміне жартас кездесу орны екі әлемнің көпірі деп қарайтыны етіп бейнелеген ғылыми фантастика элементін қолданған. Қазақ ертегілерінде де екі әлемнің арасын байланыстыратын атрибуттар барын білетін жазушы оны готика стилінде үйлестіре келістірген. Әдебиеттану тілінде ол мифологем, беймәлім құпияның символикасы.

Жазушы Мәдина Омарованың әңгімелерінен готика жанрының көркем эволюциясын біртіндеп таратып талдауға болады. Әр әңгімесінен жанрға тән, стильге тән поэтикалық табиғатын байқап, мекеншақтық тұрғысы пайымдалды. Готиканың пассивті және активті элементін қазақ әңгімесінің көркемдік қызметінде қолдануы қарастырылды.

Қазіргі қазақ әңгімесіндегі готика мен ғылыми фантастика элементтерінің тоғысуы бар ма? Келесі әңгімелерді талдап, ұсынайық.

«Суретші» әңгімесінде готиканың пассивті элементі қолданған, сондықтан «Мұңға оранған сұлу күздің ақтық демі» тек суретшінің қиялында емес, жанының да ақтық демі болғанына қарап готика стиліне мән бересіз. Қараңыз: «Өзін-өзі жұтып, үнсіз ыңыранған өлі тыныштық» [2, 154-б.] суретшінің бояудан ертегі құрайтын қимылын тоқтаттырды. Жазушының баяндауында «меңіреу құм патшалығының» тұрғыны болып қалды. Әдеби кеңістік өлшемі тыншу, өліге айналу, дыбыссыз қиналыс қалпында суреттеледі. Сол арқылы қоғамның күрделі мәселеге бойы үйренгенін, бірақ бұдан әрі төзе беруге болмайтынын ұқтырған жазушы өрнегі десек болады. Мәдина Омарованың готикалық әдебиетке көзқарасы туралы жоғарыда баяндадық, яғни жазушы нені ұнатты, қай бағытта өзін байқай алды деп бағамдадық. Сонымен қатар Мәдина Омарованың өз пікірінде шығармашылығына ықпал еткен М. Булгаковтың «Мастер и Маргарита» болғаны да, жазушы үшін готика стилі «балалардың оқыстан келіп шошытатыны секілді» деген танымы да бізге ой салды. Оқыстан шошудың өз пайдасы бар, дүр сілкінеді және артынан қорыққанына жарқылдап күліп алады. Ендеше жазушы өз әңгімесімен оқырманы сезінбегенді сезіндіреді, нәтижесінде «ояну» басталады. Міржақып Дулатовтың «Оян, Қазақ» деп налуы іспеттес, әрине готика стилінде жазылған шығарма болғандықтан жазушы интенциясы «оянбауға күш салдың ба» деп «меңіреулікті» қолданған. Готика стиліндегі шығарманың ықпалы кері көріністі баяндай жарыққа ұмтылдыру, жазушы бұны дұрыс қолданған. Оқырманы мен әдеби шығарманың бір тандемде осыны сіңіруі әдебиеттанушы міндетіне ұсынылған. Біз осыны беруге әрекеттендік.

Әдебиеттануда виртуальды бейне (адамның ішкі жан дүниесінің бейнеленуі) ұғымы бар. Алдымен жазушы ой қиялында суреттеледі, шығарма құрылады. Бастысы оны оқырман да қабылдап, жазушы танымындағы виртуальды бейне-троптың қанша оқырманға сол сезімнен, толқыныстан өтіп шығуына тыныс ашады. Мәдина Омарованың әңгімесін оқу арқылы оқырманы өз әлінше бейнелі елестету (визуализация) мүмкіндігінше ішкі дүниесін түгендейді. Шешімін бекітеді. Бұл жазушы ұсынған образдан өзгеше болуы да мүмкін. Немесе жазушы қиялы суреттеп шыққан номинатив виртуальды бейнеге ұқсас образ сіңіруі де мүмкін. Қалай десек те, оқырманы өз елестетуімен таныған образы арқылы өзін дамытады. Себебі ХХІ ғасыр адамдары бір типті емес, дүниеге келген сәтінен қабылдаған әлемі түрліше жас ерекшелігі бар техникалық ғасырда өмір сүруде, бірі салыстыратын өткен дәуірі бар, кейінгілер жаңа күрделі заманды ғана таниды. Кейінгілерге психологтардың зерттеуінде көркем әдебиет, көркем өнер ықпалы бейнелі елестету қабілетімен ұштасып, ішкі қайшылығын жеңуіне көмектесетіні жазылған.

«Суретші» әңгімесінің оқырманын ойландырап, готикалық белгі суық көзқарас арқылы өмірге деген суықтығын әдеттегі өмір айнасынан гөрі «өз айнасы секілді қабылдап», біртіндеп жылылыққа жақындауына себепші болар әдеби психологиялық тәсіл деп пайымдаймыз. Сонымен қатар қазақ әдебиеттануында когнитивті әдебиеттану мазмұнын терендетіп, байыта түседі деген ойдамыз.

«Кім өлді екен?» әңгімесін оқығанда сыншы Әлия Бөпежанованың: «...көзге көрінетін «бей-берекеттен» «өзінің ғана әлемін» жасайтын, кейіпкер арқылы шешеді. Сондықтан да Мәдина Омарованың прозасы – жаңа қазақ прозасындағы жаңа сөз деу керек» [1, 4-б.], - деген пікірі ескерілді. Әңгімеде баяндаушы кейіпкер жай ғана «Мен тек бұл тобырдың кімді қоюға келгенін білгім келеді. Кім өлді екен?» деп ішкі ойынан хабар береді. Егер: «Шынымен менің жаныма біреу келмек пе?», «Қанша зейін қойып тыңдасам да, тани алмадым, бөтен үн, бөтен кісілер. Қанша заман өтті? Қанша буын ауысты? Білмеймін» деген баяндаулар жалғаспаса кәдімгі қаланың бірін бірі танымайтын селсоқ көршілері екен деп қаласыз. Жазушыда бұл тірілердің тірлігін қара жерде тыңдап жатқан «дауыс елесі» болатын.



«Дауыс елесі» секілді жаңашыл готикалық кейіпкері арқылы замандастар бейнесін көрсеткен. «Кім өлді екен?» әңгімесі Мәдина Омарованың готика стилі сан қырлы екендігіне көз жеткізетін тағы бір туындысы. Үннің де елесі болады екен-ау деп ойланып, жазушы шеберлігінде екі дүниенің параллель қиюласуын үндестіргенін байқай бастайсыз. Жазушының көркем ойы, көркем қиялы жеткен сызық Қазақ әдеби тілінің қуатын, өміршеңдігін, сан қырлылығын толықтыра түскен. «Өлім, өлгендер», «елес» Қазақ әдебиетінде бар поэтикалық тәсіл. Жазушы Мәдина Омаровадағы ерекшелік готикалық стиль арқылы жаңаша түрленген. Қазақ әдеби тілінің жанды екенін тағы бір дәлелдеген. Шынайы өмірді шынайы халық тілі мен дәстүрі арқылы бейнелеп, әрі жаңа әдеби тәсілді қолданып, дамытып көркемдеген.

Қабір, ызғар, күз атрибуттары бар. Пассивті готика стилінде баяндалатын болғандықтан қорқынышты емес. «Дауыс елесі» ойланып, өзімен сөйлеседі, өткенін еске түсіруге, туғандарының даусын ести алмағанына, тани алмағанына, содан келіп «көршісі» болатындықтан қобалжығаны сезімді ойнатады екен. Әдетте, қазақтың дәстүрінде жақын туыстарды бақи дүниеге сапарға аттандырғанда да көршілес етуге тырысады. Дауыс елесті де, оқырманды да бей-жай етпей тұрғаны сондықтан, бұл жазушының «көр, мүрде» мекеншақтық поэтикасын шебер қолданғаны деп түсіндік.

«Кім өлді екен?» әңгімесі әр оқырманның жоғына жұбаныш болатын көркем дүние деген баға береміз. Қазіргі өзекті әлеуметтік мәселе жалғыздық синдромының нүктесін деп басатын көркем мазмұн құрғанын бағдарлайсыз.

Жазушы дүниетанудың жаңа стилі, жаңаша көркемдігін бірнеше ғасырлы тарихы бар бұрынғы готикалық әдебиеттен суырып ала білген. Готика әдебиетінің стилінде дәрменсіз кейіпкерге қарсы тылсым дүние кейіпкерінің түрлі әрекеттегі сюжетін ойлап, шығармашылығын шыңдаған.

Хеменгуэй секілді танымал прозаик болғысы келетін (жазушы пікірі) Мәдина Омарованың талғамы, шығармалары оның ізденісін, өзіне қоятын талабын байқатады.

«Ғажайып көл» әңгімесінде кейіпкері де көп, тартысы да басым шынайы өмір мен фантастиканың арасын әдемі түйіндеген шығармаға тап боласыз.

Негізгі готика стилінің шығармадан анық көрінуі жазушының көл символикасымен байланысты тартысынан, сюжетінен басталады.

Домбырада шертілетін күй, оқушы қыз Зеренің естіген оқиғалары, Мәдидің жоғалған анасы, Еркебай, ауыл адамдарынан бастап Дәу, мыстан кемпір, Хан, Жаңылсын Айбарұлы, басқа әлемге өтетін шкаф, шырақшылар, т.б. Хэрри Поттерден кем емес сюжетті қиял әлеміне еніп кетесіз. Қазақ әдебиеті жаңа шығармалармен толығып, жаңашыл бағытта болған сайын әдебиеттануы да, кино әлемі де қатар дамитыны белгілі. Готика стилі арқылы жанданған қазақ әдебиетін сыни дәлелдей алсақ, жазушы Мәдина Омарованың Еркебайы да Поттер болуға әбден лайық деп пайымдадық. Ақын Наурызбек Сарша «Оқырман ойымен «ойнаған» жазушы» атты мақаласында Мәдина Омарованың «Ғажайып көлі» туралы талдап, туындының Хаяо Миядзакидің «Елестер елінде» анимесіне ұқсастығын салыстырып баяндаған, «Ғажайып көл» анимеге сұранып тұрған шығарма екеніне мән берген.

Кейде кино әлемінің ықпалы әдебиетте жалғасты болса (мысалы, Есбол Нұрахметтің әлеуметтік, қорқыныш белгісі бар «Журналист, молда, киллер және жезөкше» әңгімесі), әдебиеттен де кино шығармашылығы мұндай тоғысуды жаңаша пайыммен қабылдайтыны белгілі. Әрі әлем әдебиетінде готикалық әдебиеттің анимация, фантастикалық кино саласына ықпалы болғанын, әлі де басымдығы бар екенін білеміз. Qalamger Podcast сұхбатынан аңғарғанымыз автор Есбол Нұрахметтің де өз пайымы да осыны дәлелдеді.

Готикалық әдебиеттің жанр тұрғысынан екі бағыты бар: френетика дәстүрі және сентименталь дәстүрі [10]. Френетика готикасы бірден қорқынышпен басталып, соңына дейін қорқыныш уысында ұстайтын болса, сентименталь готикасы қобалжу, психологиялық

қысым (саспенс) арқылы қорқынышқа жайлап әкелетін дәстүрді қолданады. Мәдина Омаровада саспенс басымдығы, яғни сентименталь готика бағыты байқалды.

Жақсы пайым, дәлелді талдау келесі бір зерттеудің тынысын ашады деп сөз еттік. Сондай сәулелі сөз ғалым Айгүл Ісімақованың «Қорғансыздар қоғамы» мақаласы дер едік. Мұнда «Қасірет пен тағдыр» романына талдау жасап: «Сәуле Досжан өз тақырыбы бар, бүгінгі постмодернистік кеңістікте жеңіл оқылатын, мистикалық үрейді заман шындығын көрсету үшін ұтымды қолдана алатын автор» [11], - деп жазған ғалым пікірі көкейімізден шықты. Себебі біздің талдауымыздағы Мәдина Омароваға да берілетін баға осындай екендігін бағамдадық. Мұны жоғарыдағы талданған әңгімелерінен талдап көрсеттік.

Әдебиеттанудың бір ерекшелігі шығарма мен теория қатар дамып отыруы керек. Әдебиеттанушыға Мәдина Омарованың шығармаларын талдау теорияны практикада бағамдау мен практика арқылы теорияны сыннан өткізу мүмкіндігі болады. Сондықтан жазушы әңгімелерін талдау жанрға ғана емес, оның жанр теориясына да түрткі және қорытындысы болмақ. Осындай бірнеше қабатты іс-әрекеттегі зерттеушілердің Мәдина Омарованың әңгімелеріне назар салып, пікір білдіріп, ғылыми ізденісін жариялауы оның жаңашыл автор, қазақ әдебиеттануының рецептивті эстетикасына қосқан үлесі бар екендігін дәлелдейді.

Жазушының готикалық стильді көркемдікті беру тәсілі ретінде таңдағаны қазақ әңгімесінде готика-фантастикалық образдың қарапайым жаңаша қалпын танытты. Кейіпкерінің тартысы өмір кедергілерін мойындаған, сол ортада біздің әлеуметтік-психологиялық бейнеміз қандай болса, сол қалпында суреттелген тартыс болғанынан таныдық. Қазақ әңгімесінің тарихында осындай жаңа бейнелер шығарма құрылымының өзгешелігіне сәйкес талданып, ғылыми айналымда өзекті мәнге ие болғаны дұрыс.

Академик Зейнолла Қабдол өзінің «Сөз өнері» кітабында: «...белгілі бір дәуірлік шындықтан көркем шығарма туғызу үшін, бәрінен бұрын материал керек. Ал, материал табудың суреткерлік тәсілі – сол дәуірдегі адам тағдырын қазу, қопару», - деген болатын. Осы пікір негізінде Мәдина Омарованың готика стилінде жазылған әңгімелерінде техникалық ғасыр адамының ішкі күйі, күйініші, жалғыздығы, оның себептері «қопарылған» деп бағамдауымызға болады.

Материал табудың суреткерлік тәсілі жайында сөз еткенде салыстырмалы түрде орыс әдебиетінің талантты жазушы, драматургі Лариса Петрушевскаяның «Өлім кезбесі» («Странствия по поводу смерти») әңгімелер жинағы еске түсті. Жинақ шыққанда өлім арқылы, өлімді сүйкімді еткен катарсис екені туралы айтылды. Расымен де қорқыныш соңы үміт сыйлағанда адам өмірді, құндылықты бағалайды.

Лариса Петрушевскаяның «Өлім кезбесі», Мәдина Омарованың «Қадір түні» жинақтары готикалық әдебиеттің адамзатқа пайдасы неде деген пайымды түйіндетті.

Бұл жазушылардың дәуір кейіпкерлерін бейнелеуде готика стиліне жүгінгені шығармашылық шын болғаны, жазушының әдеби тәсілді жетілдіру жолы екенін таныдық.

Жалпы готикалық әдебиетті кейде «жайлы-жағымды қорқыныш» (позитивный страх) деп те атайды. Себебі, кейіпкер басындағы қорқыныш мәңгі емес екенін оқырман түсіне отырып қабылдап, уақытша қорқу эмоциясы арқылы өз жан дүниесіне қажетті тәлім алады.

### **Қорытынды**

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, қазақ әдебиетіндегі готикалық әдебиеттің қалыптасуы, дамуы, жетілуі туралы зерттеу еңбектердің жүйесінде ғалым Әділ Жақулаевтың аталған мақаласының өзіндік бастамалық орын алатынын атап өту қажет. Біз бұны Мәдина Омарованың бірнеше әңгімесінде сараптап көрдік. Зерттеу соңында, готика қазақ әдебиетіне сіңуі мүмкін бе, қазақ оқырманы шынайы кейіпкерді готикалық стиль арқылы танудан жалығып кетпей ме деген сауал туындағанын байқадық. Әдебиеттанушы Ардақ Нұрғазыұлының Мәдина

Омарованың кітабына жазған алғысөз пікірінен сауалдың жауабын таптық: «Мен қолжазбаны қолыма ұстап отырып, жазушының жан сыры ағаш арасына түскен теңбіл көлеңкедей бір сәт тыным алмайтын, өз-өзіне сөйлеуге құмар, өз балшығымен өздерін жасаған кейіпкерлерін көз алдымнан өткіздім» [2, 8-б.], - дей келе оның «көлеңкеден басын көтеріп қараса» деп кеңес беруін жазушы Мәдина Омароваға ізденістің тағы басқа қырын қарағанын құп көргенін байқаймыз. Мұның себебі қазақ қоғамына готика стилі ауыр болуы мүмкін. Рухтық әдебиет қанға сіңген, сол бағытта да жазушы таланты ашылса деген тілегін түсіндік. Жазушы Мәдина Омарова әңгімелеріндегі готикалық стиль пассивті элементімен басым болуын осы қазақтың рухтық әдебиетімен байланыстыруға болады. Себебі, шығарма стилі қалай таңдалса да, оның бірінші оқырманы қазақ аудиториясы, одан кейін барып аударма түрінде не түпнұсқада оқи алатын әлем оқырманына жетеді. Ал, оқырман – шығарма таразысы.

Жазушының жаңа шығармасындағы мәдениет құндылығын ғалымдар дер кезінде жаза білген қоғамдық жағдаятты және сол дүниені көрсете білген көркем тіл қолданысы деп бағалайды. Мәдина Омарованың шығармашылығы бұған лайық. Қазақ мәдениеті мен әдебиетін қазіргі қалпында тануға ықпал еткен, ұлт тілі қолданысын жаңаша пайымдатқан жазушы.

Сыншы Әлия Бөпежанова жазушы Мәдина Омарованың кейіпкерлеріне «әлеуметтік коды беймәлім, оларда уақыттық белгілер мүлдем жоқ» деп баға берген. Бұл да қазақ жазушысының адамзат жазушысы ретінде көтерер жүгі болатын бағамын қалыптастыратын көркемдік өлшем. Мәдина Омарова сол үдеден шыға білген жазушы десек қателеспейміз.

Жоғарыда айтылған мәселені әлем әдебиеттанушылары немесе готикалық әдебиетке қатысты зерттеулермен бекіткеніміз мақала қорытындысын жинақтағанымыз болар дедік. The Oxford Companion to English Literature және Антон Ефимовтың «Нигилизм және готика» [12], Галина Заломкиның «Готикалық миф» [13] еңбектерінен жинақталған әдебиеттегі готика мәселелері туралы wikipedia мәліметінен және Мэри Элленнің «Готикалық әдебиет энциклопедиясы» [10] еңбегінде готикалық әдебиет қазақ әдебиеті секілді рухтық әдебиетке ғана емес батыс әдебиетіне де даулы-таласты екеніне көз жеткіздік. Готикалық әдебиет стилінде шығарманың атмосферасы жұмбаққа толы болатыны зерттелген. Шығарма тұтастай көңілсіздік сипатына құрылғандай болғандықтан деп шешім айтады. Алайда готикалық әдебиет тарихы біраз ғасырды қамтиды, үзілмей жалғасып келеді. Мұның себебін, Монтегю Саммерс, Эдит Бирхэд, Эино Райло, Эдмунд Берк, Девендра Варма еңбектерінде оқырманға қорқыныш сезімі, тылсым арқылы әсер ететін факторы деп қарайды. Қызықты бір дерек көзге түсті, Уильям Бекфордтың «Ватек» туындысы dark Fantasy жанрында француз тілінде баспадан шыққанымен, сұраныста болғанына қарамай ағылшын тіліндегі аударма басылымына У. Бекфорд рұқсат бермеген, бұл да готика стилінде активті (белсенді) элемент басым болғанда шығармаға автордың өзі де бірден мойынсұнбайтынын байқатты. Автор қайтыс болғаннан кейін ғана «Ватек» аударма басылымдары жарық көрген.

Американ готика әдебиеті энциклопедиясының редакторы Мэри Эллен Снодграсс (Mary Ellen Snodgrass) түрлі жанрда жазатын жазушылардың ортақ нүктесін «neo-Gothic» [10, 251-б.] терминін қолдана отырып, біріктірген. Яғни, әдебиеттің жанрындағы стиль толысуы готикаға да тән. Қазақ жазушысы Мәдина Омарованың готика стилінде жазылған әңгімелерінде де неоготиканың нышандары болуы заңдылық.

Зерттеушілер бүгінгі готиканың кейіпкерлері дәстүрлі екеніне мән береді және «мәдени ағымға қызмет ететін және бүгінгі готикалық әдебиеттің тақырыбын, проблемасын және сюжетін анықтайтын философиялық-эстетикалық жүйенің болуы» [10] деп түйіндейді.

Неоготикалық элементтер қазіргі әдебиеттің әңгімелеу формаларында «заманауи елес» пен қорқынышты оқиғаны бейнелейді.

Қазіргі готикалық әдебиет дәстүрлі құпия мен сиқыр атрибуттарын қолдану орнына сезім мен оқыс таңғалдыру (шок), қасірет мотиві секілді заманауи әдеби үрдісті таңдаған.

Мақала тақырыбын зерделеу барысында, жалпы готикалық стиль әлем әдебиетінде классик жазушылар шығармашылығында гот философиясы элементтері тұрғысында қарастырғанын (Габриэль Гарсиа Маркес «Жүз жылдық жалғыздық»), орыс әдебиетінде готикалық әдебиет 1990 жылдан бастап зерттелгенін байқадық.

Қазақ әдеби сыны мен әдебиеттануында қарастырған готикалық әдебиетті жоғарыда аталған әдебиеттанушы, сыншы мақалалары арқылы жинақтай алдық. Готиканы қазақ әдебиетінде салыстырмалы, ұлттық әдебиет тұрғысында біртіндеп, тұрақты, жан-жақты қарастырған. Біз бір жазушы Мәдина Омарованың готика стиліндегі әңгімелері бойынша ой-пайымымызды жеткіздік. Кезекте қазақ жазушыларының готикалық әдебиеттен әлем әдебиетіне үлесін бағамдау, готика элементтерін біріктіретін «ақыл сезіне алатын ең күшті эмоцияның» ғылыми ізденістері тұрғанын анықтадық. Мысалы, М. Омарованың «Кәмбе нанның дәмі» кітабындағы «Тор», «Жүздесу» драмалық шығармаларындағы готиканы, мистиканы зерттеуді осы жанр тұрғысынан қарастыруды қажет етеді. Бұдан бөлек болашақ зерттеулерімізде әдебиеттің және әдеби кейіпкерлердің кванттық физикамен байланысты талдаулар бағыты да осы готикамен қатысты талдаулармен ұштасатыны қызықтырады.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Омарова М. Ана ғұмыр: проза. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2009. – 128 б.
2. Омарова М. Қадір түні: проза. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2012. – 320 б.
3. Жақұлаев Ә. Қазіргі қазақ прозасындағы готикалық өрнектер. [Электронды ресурс]. URL: <https://adebiportal.kz/kz/news/view/20719> (қаралған күні: 15.10.2018)
4. Пірәлі Г. Қазіргі прозадағы Мәдинаның қолтаңбасы // Жұлдыз. – 2013. – №12. – Б. 135–141.
5. Мәмбетов Ж., Әбиханова Г. Мистиканың үзілмей жеткен арқауы. [Электронды ресурс]. URL: <https://turkystan.kz/article/15086-misticany-nuzilmej-zhetcen-arkaui/?ysclid=ldgyn2n1tl453542900> (қаралған күні: 20.10.2016).
6. Сағидуллиева С. Жас қаламгер, жаңалыққа талпыныс, жаңашылдық іздер. [Электронды ресурс]. URL: <https://adebiportal.kz/kz/news/view/22097> (қаралған күні: 06.09.2019).
7. Ордабеков С. Жұмбаққа толы тылсым дүние // Қазақ әдебиеті. – 13.08.2018. – Б. 4.
8. Әсемқұлов Т. Готикалық прозаның басы. [Электронды ресурс]. URL: <https://bilim-all.kz/article/17918-Lebizder?ysclid=la3elabhg7631987> (қаралған күні: 13.05.2022).
9. Байбол Ә. Қазіргі проза: жанр және стиль мәселелері. [Электронды ресурс]. URL: <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/syn/63966/?ysclid=ld17qo9hah50605442> (қаралған күні: 07.12.2020).
10. Snodgrass Mary Ellen. Encyclopedia of the Gothic Literature: [the essential guide to the lives a. works of gothic writers]. – NY: Facts on file, 2004. – 480 p.
11. Ісімақова А. Жыл қорытындысы. 2019 жыл. Әдеби сын. [Электронды ресурс]. URL: <https://www.facebook.com/aigull.ismakova/posts/pfbid0kbPU8RqEdQyKSh3rg3wwNe2jYGSOPiz6EH51mZN7AEqpSQURbaCyqXTPeQeNgG25l> (қаралған күні: 25.12.2020).
12. Ефимов А. Нигилизм и готика. Альманах. – М.: ООО «ПринтЛЕТО», 2022. – 496 с.
13. Заломкина Г. Готический миф. – Самара: Самарский университет, 2010. – 328 с.

### REFERENCES

1. Omarova M. Ana gumyr: proza [Mother's life: prose]. – Almaty: «Jalyn baspasy» JShS, 2009. – 128 b. [in Kazakh]
2. Omarova M. Qadir tuni: proza [Night of Qadir: prose]. – Almaty: «Jalyn baspasy» JShS, 2012. – 320 b. [in Kazakh]
3. Jakulaev A. Qazirgi qazaq prozasyndagy gotikalıyq ornekter [Gothic patterns in modern Kazakh prose]. [Electronic resource]. URL: <https://adebiportal.kz/kz/news/view/20719> (date of access: 15.10.2018) [in Kazakh]

4. Pıralı G. Qazırgı prozadagy Madinanyn qoltanbasy [Madinah's signature in modern prose] // Juldyz. – 2013. – №12. – B. 135-141. [in Kazakh]
5. Mambetov J., Abihanova G. Mistikanyñ uzılmei jetken arqauy [The unbroken rope of mysticism]. [Electronic resource]. URL: <https://turkystan.kz/article/15086-misticanyñ-uzılmei-jetken-arqauy/?ysclid=ldgyn2n1tl453542900> (date of access: 20.10.2016). [in Kazakh]
6. Sagidullieva S. Jas qalamger, janalyqqa talpynys, janashyldyq ızder [A young writer, an attempt at novelty, traces of innovation]. [Electronic resource]. URL: <https://adebiportal.kz/kz/news/view/22097> (date of access: 06.09.2019). [in Kazakh]
7. Ordabekov S. Jumbaqqa toly tylsym dunie [A mysterious world full of mysteries] // Qazaq ädebieti 13.08. 2018. – B. 4. [in Kazakh]
8. Asemqulov T. Gotikalyq prozanyñ basy [The beginning of Gothic prose]. [Electronic resource]. URL: <https://bilim-all.kz/article/17918-Lebizder?ysclid=la3elabhg7631987> (date of access: 13.05.2022). [in Kazakh]
9. Baibol A. Qazırgı proza: janr jane stil maseleleri [Modern prose: problems of genre and style]. [Electronic resource]. URL: <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/syn/63966/?ysclid=ld17qo9hah50605442> (date of access: 07.12.2020). [in Kazakh]
10. Snodgrass Mary Ellen. Encyclopedia of the Gothic Literature: [the essential guide to the lives a. works of gothic writers]. – NY: Facts on file, 2004. – 480 p.
11. Isimaqova A. Jyl qorytyndysy. 2019 jyl. Adebi syn [Results of the year. 2019 year. Literary criticism]. [Electronic resource]. URL: <https://www.facebook.com/aigull.ismakova/posts/pfbid0kbPU8RqEdQyKSh3rg3wwNe2jYGSOPiz6EHS1mZN7AEqpSQURbaCyqXTPEQeNgG25l> (date of access: 25.12.2020). [in Kazakh]
12. Efimov A. Nigilizm i gotika [Nihilism and Gothic]. Almanah. – M.: OOO «PrintLETO», 2022. – 496 s. (in Russian)
13. Zalomkina G. Goticheski mif [The Gothic Myth]. – Samara: Samarski universitet, 2010. – 328 s. (in Russian)